

"Жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" 2008 жылғы 25 сәуірдегі N 560 қаулыға өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облыстық әкімдігінің 2008 жылғы 6 маусымдағы N 24 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 18 маусымда N 2485 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.01.2021 № 4 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына , 37-бабына , "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына , 36-бабы 2-тармағы 5) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" 2008 жылғы 25 сәуірдегі Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің N 560 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2484) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі."

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ә. БЕРГЕ